

было почти 15 лет, и я считалась взрослой, поэтому присматривала за всей малышками» [7]. Несмотря на помощь казахского населения, которые оказывали всяческую поддержку депортированным, положение их оставалось плачевным. Так маме и самой Ирме Фиттель приходилось работать на поле в летнее время по 12-15 часов в сутки, чтобы прокормить свою семью. И. Фиттель вспоминала: «Мама работала сутки напролет, но еще и успевала шить, разрезала простыни и шила из них косынки. Из дома мы с собой привезли швейную машинку, благодаря чему зимой кормились сами и кормили братьев. В этом поселке мы прожили до 1952 года, потом уже я переехала в село Тельманское». [7]

В период депортации одной из задач было искоренение этнического сознания народа. По воспоминаниям И. Фиттель депортированные немцы практически не разговаривали на немецком языке, а говорили только по-русски, боясь новых обвинений. Обычаи и традиции были забыты в жестких условиях выживания. Женщины брали на себя обязанности мужчин, ушедших на фронт, и трудились с утра до ночи. Главной целью было выжить любой ценой, несмотря на болезни, голод, холод, грязь, крайне тяжелые условия выживания. Представители депортированных народов показывали примеры самоотверженного труда, значение которого в военные годы было очень велико. Все депортированные народы внесли значительный вклад в экономику региона в годы войны, считают Казахстан своей родиной и разделяют его историческую судьбу.

#### Литература:

1. Немцы в Карагандинской области (конец XIX- 90-е гг. XX века). Сборник документов и материалов часть I// Сост. Л.В. Кулакова- Караганда, 2011.- 248 с.
2. Кокурин А.И. Спецпереселенцы в СССР в 1944 году или год большого переселения.- «Отечественные архивы», 1993.- 109 с.
3. Материалы «Круглых столов» и семинаров. – Алматы. 1996.- 3-8 с.
4. ЦГА РК. Ф. 1137. ОП. 9. Д.141. Л.97.
5. ГАКО. Ф.18.ОП.1.Д.520.Л.66.
6. ЦГА РК. Ф.215. Оп.1.Д.36.Л.1
7. Аудиозапись биографической беседы с Ирмой Фиттель, записано Майлыбаевой Д.Д. в 2018г.

**Маратқызы А.**, Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, филология факультеті, ЗКФ-31тобы, студент  
(*Ғылыми жетекші – ф.ғ.д, профессор Әділова А.С.*)

### ЖАНАЛЫҚТАР ПОРТАЛЫНЫҢ ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазақстанның әлемдік өркениет үдерісінде экономикалық, мәдени және әлеуметтік жағынан дамуы үшін оларды танытатын БАҚ-тың маңызы айрықша. Қазіргі заман қарулы майданның емес, ақпарат майданы екенін ескере кеткен жөн. Сондықтан еліміздің дамуын, қарқынды өркендеуін насихаттау үшін БАҚ-тың тұрақты да жүйелі жұмыс істеуі ерекше маңызды. Қазіргі кезде бүкіл адамзат электронды бұқаралық ақпарат құралдарының әсер ету объектісіне айналып отырғаны мәлім.

Еліміздің егемендік алып, тәуелсіздік тұғырына көтерілуі, тіліміздің мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болуы қазақ баспасөзінің де жаңа арнаға түсіп, жаңаша дамуына алып келді. Еліміздің қоғамдық-саяси, рухани-мәдени салаласындағы өзгерістер мен тасқындап еніп жатқан ақпараттар ағыны арқылы баспасөз лексикасы толығымен түссе, керісінше, сол жаңа қолданыстар мен сөздерді қалыптастыруда, тың ақпараттарды оқырманға жеткізуде баспасөздің де қызметі арта түсті.

Бұқаралық ақпарат құралдарын электрондық бұқаралық ақпарат құралдары және мерзімдік басылымдар деп екіге бөліп жүрміз. БАҚ-тың бұл екі түрінің де атқаратын қызметтері бірдей, яғни көпшілікке ақпаратты уақтылы, дәл, әсерлі жеткізу.

Зерттеуші Б.Момынова «Газет лексикасы (жүйесі мен құрылымы)» деп аталатын ғылыми еңбегінде бұқаралық ақпарат құралдарының оқылатын (визуальды), тыңдалатын (аудиальды) және әрі тыңдауға, әрі көруге болатын (аудио-визуальды) үш түріне тоқтала келіп, олардың ортақ қызметтерін, біріншіден, ақпараттық функциясы, екіншіден, ақпаратты жеткізудегі комментарийлық-бағалаушылық функциясы, үшіншіден, ақпараттың ағартушылық-танымдық функциясы, төртіншіден, ақпараттың қоғам мүшелерінің дүниетанымына әсер ету функциясы, бесіншіден, ақпаратты жеткізуде жағымды эффектілер тудыру үшін тиімді тәсілдерді пайдалану функциясы деп санамалап көрсетеді [1, 80].

БАҚ тілін зерделеуде әуелде баспасөздің, радио мен телеарна тілі зерттеу объектісі етіп алынса, бүгінде интернет тілі (online форматтағы медиа-мәтіндер) нысанаға алынып отыр. «Медиа» термині (латын тілінде «media», «medium» - құрал, тасымалдаушы) XX ғасырда «бұқаралық мәдениет» құбылысын анықтап көрсету үшін енгізілген («mass culture», «mass media»). Қазіргі кезде «масс-медиа» термині бұқаралық коммуникация құралдары мағынасын білдіруде: баспа басылымдары, теледидар, радио хабарлары, интернет беттеріндегі ақпарат қайнарлары, сонымен қатар кино, видео, ұялы телефондық байланыс жатады. Бүгінгі күнде олардың маңыздылығы соншалықты, яғни басым бөлігі масс-медиаға тәуелді болғандықтан, тек «ақпараттандырылған» қоғам деп атап қана қоймай, сонымен бірге «медиаландырылған» қоғам деп те аталууда [2 ес].

Қазіргі заман ақпараттық технологиялардың жетік дамыған дәуірі. Ақпаратты жинап, өңдеп және оны шартарапқа таратудың түрлі әдістері мен технологиялары адамзаттың сағат сайын жаңа ақпарат алуына, ақпаратпен алмасуына үлкен мүмкіндік тудырып отыр. Осындай бұқаралық ақпаратты жеткізу құралдарына жаңалықтар порталы да жатқызылады.

Жаңалықтар порталы - саясат пен идеологияның құралы ретінде қызмет етеді, әртүрлі саяси хабарлар мен жаңалықтарды дер кезінде жеткізіп, оған баға беріп, бұқараға ықпал ету тәрізді маңызды міндеттерді атқарады. Қазақстанның медиакөністігінде қазақ, орыс тілдерінде ақпарат тарататын **Tengrinews.kz**, **Nur.kz**, **Informburo.kz** ақпараттық порталдары көпшілікке аса танымал. Бұл жаңалықтар порталдары елдегі және әлемдегі қоғамдық өмірдің барлық салалары туралы бірнеше бөліктен тұратын, жағымды-жағымсыз бағалауға негізделген ақпарат жеткізетін әмбебап құрал болып табылады.

Жаңалықтар порталында қоғамдық мәні бар мәселеге көпшілік назарын аударту мақсатында мақалалар тақырыптарынан ой мен сезімге қатар әсер етерліктей экспрессивті-эмоционалды мәндегі тіл бірліктері мен риторикалық сұраулы сөйлемдерді, қоғамдық-саяси лексиканы және шетел тілдерінен енген терминдерді, тұрақты сөз тіркестерін, қос сөздерді, бұйрық рай тұлғалы сөздерді, қаратпа сөздерді, риторикалық сұрақтарды, әртүрлі қайталамалар мен қысқартылған сөздерді жиі кездестіруге болады. Мысалы, 2018 жылдың соңғы айлары мен 2019 жылдың басында жазылған жаңалықтар порталдарынан алынған тақырып атауларына назар аударалық:

Тенгриныйс	Нур.kz	Информбюро
Қазақстанда алғашқы "ақылды қала" пайда болады.	Өскемендік отбасы "Что? Где? Когда?" бағдарламасынан 300 мың теңге ұтып алды.	Work and travel. АҚШ-қа сапар. Таным да, табыс та болады.
Астанадағы "Әзірет Сұлтан" мешітінде тәулік бойы жұмыс істейтін Call-Орталық ашылды.	"Тәрбие тал бесіктен басталады": МСМ танымал журналистің сынына жауап қайтарды.	Astana Hub – көп миллиардтық кезекті шығын ба, экономикалық өріс пе? Мұнда стартаптарға талап қандай?
Алматыда "Green Bus" жолаушыларды тасымалдау компаниясымен келісімшарт үзілді.	Кілең қазақтар: Астаналықтар жаппай "крещение" мерекесіне қатысып, мұздай суға сүңгіді.	Қазақстанда бірқатар диспансерлердің анықтамасын Telegram арқылы тегін алуға болады.
Бішкектен ұшып шыққан Boeing 707 Тегеран маңында апатқа ұшырады.	"Депутат" энциклопедиясына Парламент жоғары баға берді.	Айналарға лазермен VIN-код салу: өзіңізді және көлігіңізді ұрылардан қалай қорғау керек?
ШҚО-да тасжолда 312 адам эвакуацияланып, 200-ден аса көлік жолда қалып қойды.	"Астана-Теміртау", "Алматы-Қапшағай" мен "Алматы-Қорғас" тас жолдары осы сенбіден бастап ақылы болмақ. Бұл туралы ақпарат "ҚазАвтоЖол"ҰҚ" АҚ-ның ресми сайтында жарияланды.	Қазақстандықтар 2018 жылы VIP-нөмірлер сатып алуға 4 млрд теңге қаражат жұмсаған.
Discovery танымал экстремалы 5 күн бойы Қазақстанда жабайы табиғатта аман қалудың қамын жасайды.	Шымкентте "разборкада" 17 жасар ұлынан айырылған ана жанайқайын жеткізді.	Алаяқтарға тап болмай, IELTS тестін қайда тапсыруға болады және сертификатын қалай тексеру керек?

"Сары жилеттер" Францияда түрмеге баса-көктеп кірді.	«Ине шаншар орын жоқ»: астаналықтар азық-түлік дүкендерінің астан-кестенін шығарды.	"Ақылды" протез семейлік жасөспірімнің өмірін түбегейлі өзгертті.
Нұрлан Сейтімов ҚР СІМ жауапты хатшысы болып тағайындалды.	"Ерлігі ел есінде": Тоқаев браконьерлер өлтірген инспекторға жазба арнады.	Министрлік "времянкаларда" тұруға тыйым салуды ұсынды.

Жаңалықтар порталында кездесетін тағы бір ерекшелік – өзгетілдік элементтердің қолданылуы. Қазақ тіліне өзге тілдік сөздердің (негізінен ағылшын тілінен) жаппай енуі бүгінгі қоғамның ашықтығымен, жариялылығымен және ықпалдастықпен байланысты болып отыр. Мұндай сөздер қоғам дамуымен, әлеуметтік құбылыстармен байланысты ұғымдар, тұрмыс-тіршілікке қажетті зат, бұйым атаулары болғандықтан, олардың көбі түпнұсқа бірлік түрінде ұшырасып жатады. Осындай қолданыстар ретінде төмендегі мысалдарды байқайық:

**1. Жеке-дара немесе сөз тіркесі ыңғайында қолданылған атаулар** (Қазақстандық жігіт *NASA* байқауында жеңіске жетті - Tengrinews.kz.); (24 жастағы қазақ қызы "*Miss Intercontinental*" байқауында бақ сынамақ - Nur.kz.); (Отырарда қазақ ғалымы *Spirulina* өсіріп жатыр - Informburo.kz.)

Берілген сөйлемдерде ағылшын тіліндегі сөздер қолданылған. Оларды түсіндіру қажет емес, себебі оларға барлық БАҚ арқылы көз үйренген, алайда жаңалықты оқушының бәріне бірдей бұл ұнамауы мүмкін.

**2. Қысқартылып қолданылған сөз тіркестері.** Қысқа хабарламаларда шетелдік термин сөздер қысқартылып та қолданыла береді. (NASDAQ, *S&P*, *Brexit*, Меркель және Франциядағы толқу. Қазақстан жаңа дағдарысқа төтеп бере ала ма? - Informburo.kz.); (*Q-POP*, яғни QAZAQ поп музыкасы қазаққа не береді? - Informburo.kz)

Келтірілген мысалдардағы қысқартылған сөздердің әрқайсысына автор тарапынан түсініктеме беріп отырғанда ғана жаппай оқырмандарға ұғынықты болар еді.

**3. Эмоционалды-эспрессивті сөздердің қолданылуы.** Эмоционалды сөздердің категорияларын адамның қоршаған болмысқа деген әртүрлі көңіл-күйін, сезімін білдіретін сөздер – «эмотив» сөздер деп, адамның қоршаған ортаға деген әртүрлі әсерін білдіретін эмоцияның, сезімнің, еріктің қатысуы негізінде тілдің көркемдеуші құралы арқылы бейнеленетін сөздерді – «эспрессив» сөздер деп атаймыз.

Тіл білімі сөздігінде «**Эмоционалды**» (лат. Emovere – еліктіру, толқыту) фр. emation – қоршаған болмысқа деген адамның әр түрлі көңіл күйі, сезімі, әсері. Эмоциялық өң берілген лексика ұнату мен ұялту, үрей мен қуаныш, масаттану мен жек көру, қорқыныш пен батылдық, сенім мен сенімсіздік, қайғы, уайым, зарығу т.б. көптеген мағыналардың қолданылуы» деп түсіндірілсе, «**Эспрессивтілік**» (лат. Expressio – выражение, мәнерлілік) ағыл. Expressivity expressivite Expressivitat(мәнерлілік) – тіл единицаларының семантикалық-стилистикалық белгілерінің жинақталған түрі деп түсіндіріледі[3; 6].

Жаңалықтар порталында кездесетін жағымды-жағымсыз бағалы эмоционалды-эспрессивті қолданыстарға бірнеше мысал:

"Көзіме жас келді": Данэлия Тулешова Америкада әділ-қазыларды **аузына қаратты** - Nur.kz; "**Балалар қуансын**": Астаналық жұбайлар үйлену тойын интернатта атап өтті - Nur.kz; "**Тойып біттік**": Астанада көпбалалы аналар **шу шығарды** - Nur.kz); "Мен айғайлай да, жылай да алмаймын, **ішім толы күйік**". Ақтөбеде соқыршекке жасалған отадан кейін 9 жастағы бала қайтыс болды - Tengrinews.kz); "**Балаларды қыра береміз бе?**": Ақтөбеде **ашынған** аналар әкімдікке келді - Informburo.kz.

Жаңалықтар порталында фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, қанатты сөздер жиі жұмсалады. Бұл сөздер көбіне сөзге эмоционалды-эспрессивті баға беру мақсатында қолданады. Мысалы: «**Ине шаншар орын жоқ**; астаналықтар азық-түлік дүкендерінің астан-кестенін шығарды» - Nur.kz; Фируза Шәріпова WBA рейтингінде **көш бастады** - Nur.kz.

Қорыта келгенде, қазір еліміздің ақпараттық кеңістігіндегі ақпарат ауқымы адам қабілеті қорыта алар мүмкіндіктен де асып кетіп отыр. Жаңалықтар порталы саяси жаңалықтарды дер кезінде жариялап тұратын ең қолжетімді ақпарат таратушы болып табылады.

Жаңалықтар порталында түрлі тілдік ерекшеліктердің, эспрессивті мағынадағы эмоцияны бейнелейтін сөздердің көптеп кездесетінін аңғаруға болады. Жаңалықтар порталының қоғам өмірінде маңызды қызмет атқаруына орай ондағы тілдік құралдар қолданысы терең де дер кезінде зерттелуі, жаңа бағыттағы соны еңбектермен толығына түсуі тиіс.

Әдебиет:

1. Момынова Б. Газет лексикасы жүйесі мен құрылымы. - Алматы: «Арыс», 2003. - 228 б.
2. Есенова Қ. Қазіргі қазақ медиа-мәтінінің прагматикасы (қазақ баспасөз материалдары негізінде). Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2007.
3. Жонкешов Бауыржан Сейсенбекұлы. Эмоционалды бірліктердің тілдік табиғаты – Алматы: «Тіл білімі» баспаханасы, 2015.

**Набатова А.**, Карагандинский государственный университет имени академика Е.А. Букетова, филологический факультет, гр. РФ-21, студент  
(*Научный руководитель – д.филол.н., проф. Пак М.К.*)

### ЛЕКСИКО-СЕМАНТИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ СЛОВ КАТЕГОРИИ СОСТОЯНИЯ В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ В. РАСПУТИНА

Исследованием языка художественных произведений занимались многие ученые-лингвисты (А.М. Пешковский, Л.В. Шерба, В.В. Виноградов, Г.О. Винокур, Н.М. Шанский и др.). Анализ языка художественного произведения помогает глубже проникнуть в замысел автора, выявить незаметные на первый взгляд закономерности, связанные с сюжетом, и эксплицировать новых героев, которые стали вольными или невольными участниками событий, описываемых в тексте. В какой-то степени помогают справиться с этой задачей слова категории состояния.

Слова категории состояния наиболее полно представлены в произведениях В.Г. Распутина. Действия в его повестях почти всегда происходят в деревне. Его главными героями в большинстве случаев являются «старинные старухи» – хранительницы того древнего, исконного, безвозвратно уходящего из жизни. Сюжет каждого произведения В.Г. Распутина связан с испытанием, выбором, смертью. В полном раскрытии тем и проблем, которые В.Г. Распутин затрагивает в своих произведениях, определенную роль играют слова категории состояния.

Для того чтобы выяснить частотность употребления слов категории состояния нами были проанализированы пять повестей В.Г. Распутина: «Пожар», «Прощание с Матёрой», «Живи и помни», «Последний срок», «Деньги для Марии». Мы выбрали примеры со словами, обозначающими категорию состояния. Составленная рабочая картотека насчитывает около 200 случаев употребления слов категории состояния.

Для обозначения данного класса слов в работах языковедов используются следующие термины: «слова категории состояния», «безлично-предикативные слова», «безличные предикативы», «вербоиды», «предикативные наречия», «неглагольные предикативы», «стативы». Из трех вышеуказанных точек зрения на слова категории состояния первая точка зрения в современной грамматической науке является наиболее распространенной. Слова категории состояния – это самостоятельная часть речи, которую образуют несклоняемые и неспрягаемые слова, обозначающие состояние, способные сочетаться со связкой и употребляющиеся в функции сказуемого безличного предложения (реже в роли сказуемого двусоставного предложения с подлежащим, выраженным инфинитивом или существительным).

Категориальное значение слов категории состояния, бессубъектное состояние, является наиболее абстрагированной содержательной формой отражения действительности по сравнению с другими частеречными значениями. И поэтому класс слов категории состояния, зародившись в недрах древнерусского языка, особенно активно развивается в последние два столетия. Формируя разряд слов с новой частеречной семантикой, языковая система «поступает» экономно. Она в абсолютном большинстве случаев не создает материально новых языковых единиц, а использует лексически пригодные слова других частей речи.

К словам, образующим категорию состояния, относятся:

- слова, которые не имеют омонимов ни среди прилагательных, ни среди существительных, ни среди наречий (*надо, нельзя, недосуг, можно, нужно, жаль*);
- слова, имеющие омонимы среди прилагательных и наречий на -о (*тепло, шумно, грустно, весело*);
- слова, имеющие омонимы среди имен существительных (*пора, время, грех, досуг, охота*);
- слова, имеющие омонимы среди наречий (*невмочь*);
- слова, имеющие омонимы среди причастий (*убрано, вымыто*).

Ядро категории состояния составляют слова на -о, обозначающие: